



ЖАҢАӨЗЕН



xat.janaozen-gazeti@mail.ru

№39 /2266/ 26 ҚЫРКҮЙЕК 2025 ЖЫЛ

1990 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

ГАЗЕТ АПТАНЫҢ ЖҰМА КҮНІ ШЫҒАДЫ

БҮКІЛ ӘЛЕМДІК ТАЗАЛЫҚ КҮНІ

20 ҚЫРКҮЙЕК КҮНІ БҮКІЛ ӘЛЕМДЕ АТАП ӨТІЛЕТІН WORLD CLEANUP DAY - ӘЛЕМДІК ТАЗАЛЫҚ КҮНІ АЯСЫНДА ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫ МЕН ОҒАН ІРГЕЛЕС ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДЕ КЕҢ КӨЛЕМДІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. БҰЛ ШАРАНЫҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ - ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ, ҚАЛАМЫЗДЫҢ КӨШЕЛЕРІ МЕН АУЫЛДАРЫМЫЗДЫҢ САНИТАРЛЫҚ ТАЗАЛЫҒЫН ЖАҚСARTУ, СОНДАЙ-АҚ ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН АРТТЫРУ БОЛДЫ.



жақсартуға бағытталған ауқымды қадамдардың бірі.

КЕНДІРЛІ АУЫЛЫ ҮЛГІ КӨРСЕТТІ

Кендірлі ауылы әкімдігі мен «ӨзенМұнайГаз» АҚ бірлесе отырып, ауыл аумағында сенбілік ұйымдастырды. Жұмыс барысында Жалғас Айтенов көшесінің сыртқы аумағы тазартылып, 60-қа жуық адам мен 3 арнайы техника жұмылдырылды. Нәтижесінде ауылдан 40 тонна коқыс шығарылды.

Сенбілікке тартылған техникалардың ішінде: «ӨзенМұнайГаз» АҚ - 1 дана өзі төккіш самосвал, «МөлдірМұнайСервис» ЖШС - 1 дана өзі тиегіш (хон) және 1 дана өзі төккіш самосвал бар.

Бұл жұмыстар ауылдың көркін айтарлықтай жақсартып, тұрғындарға үлгі боларлықтай нәтиже көрсетті.

Соңы 2-бетте. ➡

Денсаулық сақтау мәселесі қаралды

АПТАНЫҢ СЕЙСЕНБІ КҮНІ ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ ЖАНСЕЙТ ҚАЙНАРБАЕВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН КЕЗЕКТІ АППАРАТТЫҚ КЕҢЕС ӨТТІ.



Жиын барысында қаланың денсаулық сақтау саласындағы мекемелердің ағымдағы жылдың 8 айында атқарған жұмыстары мен жыл соңына дейінгі жоспарлары жан-жақты қаралды.

Кенеске қалалық емханалар, көпбейінді қалалық аурухана, жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясы, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы және облыстық жоғары медициналық колледждің басшылары қатысты. Баяндамашылар ретінде сөз алғандар: №1 қалалық емхананың директоры Қырымзы Балжанова, - №2 қалалық емхананың директоры Марат Мекебаев,

№3 қалалық емхананың директоры Әлішер Көмеков, Жаңаөзен көпбейінді қалалық ауруханасының директоры Берік Қаунов, Жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясының директоры Жәніс Шалқарбаев, Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Сымбат Жексенбай және Маңғыстау облыстық жоғары медициналық колледжінің директоры Салиха Насиголлақызы.

Әрбір мекеме басшысы 2025 жылдың 8 айындағы көрсеткіштер мен орындалған жұмыстар бойынша есеп берді.

Соңы 2-бетте. ➡



ЖАҢАӨЗЕНДЕ РУХАНИ КЕЗДЕСУ ӨТТІ

«МҰНАЙШЫ» МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАЛЫҚ ІШКІ САЯСАТ БӨЛІМІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК ТАПСЫРЫСЫ АЯСЫНДА, ZANGAR EVENT ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ЕЛІМІЗГЕ ТАНЫМАЛ ТЕОЛОГ, ИМАМ, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ НҰРЛАН БАЙЖІПТҰЛЫМЕН (НҰРЛАН ИМАМ) TEDX ФОРМАТЫНДАҒЫ РУХАНИ-ТАНЫМДЫҚ КЕЗДЕСУ ӨТТІ.

ардагерлер қатысты.

Нұрлан имам өз сөзінде қазақы тәрбиенің дінгеі - отбасыдан басталатынын, ата-анаға құрмет пен балаға мейірім шынайы тәрбие берудің басты тірегі екенін атап өтті. Сондай-ақ ажырасу, ата-ана мен бала арасындағы алшақтық,

Нұржан Мұхаммедов өз сөзінде:

- Бұл - біздің қалада өткізіп жатқан рухани бағыттағы бірнеше іс-шараның бірі ғана. Алдағы уақытта да Жаңаөзенде осындай пайдалы, мазмұнды кездесулер жалғасатын болады. Біздің мақсат - қоғамның рухани имунитетін көтеру, жастарды тәрбиелеу, отбасының маңызын арттыру, - деді.

Кездесу соңында көрермендер тарапынан алғыс пен ризашылыққа толы пікірлер айтылды.

Гүлдана АҚМҰРАТҚЫЗЫ, қала тұрғыны:

- «Нұрлан имамның әңгімесінен кейін атамның қадірін одан әрі тереңірек түсінгендей болдым. Отбасында сыйластық пен мейірім болмаса, қоғам әлсірейді. Осындай кездесулер бізге қажет.

- Кейде үлкен сұрақтардың жауабын қысқа ғана бір мысалмен айтуға болады. Нұрлан имамның жеткізу тәсілі - өте ерекше. Қарапайым, бірақ жүрекке жетеді», - дейді жас маман Асқар Беккожин.

Бұл кездесу Жаңаөзен жұртшылығы үшін шын мәнінде рухани серпіліс болды. Ұлттың негізі - отбасы десек, осындай тағылымды басқосулар отбасылық құндылықтарды дәріптеуде маңызды рөл атқаратыны анық.



Гүлсім ОСПАН

«Тату отбасы - тағылымды ұрпақ» тақырыбымен өткен бұл іс-шара - бүгінгі қоғамда өзекті болып отырған отбасы құндылықтары, ата-анаға құрмет, балалар тәрбиесі, жастардың рухани дамуы секілді маңызды мәселелерді қозғады. Жылы жүздесу, шынайы әңгіме, өмірлік тәжірибелер мен мысалдар көрермендерге ой салып, үлкен әсер қалдырды.

Кездесудің мақсаты - отбасылық тәрбие мен рухани құндылықтардың маңыздылығын насихаттау, қоғамда сыйластық пен жауапкершілікке негізделген берік отбасы моделін қалыптастыруға үлес қосу.

Кездесуге қала әкімі Жансейт Қайнарбаев, Zangar Event қоғамдық қорының директоры Нұржан Мұхаммедов, қалалық мәслихат төрағасы Ғалым Байжанов, ауыл әкімдері, сондай-ақ қала тұрғындары, жастар, жас отбасылар мен

рухани жұтандық мәселелері жөнінде өткір әрі ой салатын пікірлерімен бөлісті.

Zangar Event қоғамдық қорының басшысы



БҮГІНГІ САНДА

2025 ЖЫЛ - ЖҰМЫСШЫ МАМАҢДЫҚТАР ЖЫЛЫ

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДАРДЫҢ МӘРТЕБЕСІ - ҚОҒАМНЫҢ КЕЛЕШЕГІ




ӨНДІРІС ЖӘНЕ КӘСІП

«TESTCOM OZEN»: Жергілікті өндіріс - ұлттық экономика тірегі



ТҰМАУДАН САҚТАНАЙЫҚ!



Кендірлі ауылын бірге дамытайық!



Ауыл - біздің ортақ үйіміз, болашағымыздың берік негізі. 2026-2029 жылдарға арналған даму жоспары ауыл өмірін жақсартуға, кәсіпкерлікті қолдауға, жастардың мүмкіндігін кеңейтуге бағытталған.

2026-2029 жылдарға арналған жоспар:

- Ауыл кәсіпкерлігіне қолдау, грант және жеңілдетілген несие алуға жәрдем.
- Жастарға арналған білім беру, IT және агробизнес курстарын ұйымдастыру.
- Көшелерді жөндеу, жаяу жүргіншілер жолдарын салу.
- Ауыз су және кәріз жүйелерін жақсарту.
- Мәдени, спорттық іс-шараларды көбейту.
- Қосымша дәрігер мамандарын тарту, медициналық қызмет сапасын арттыру.
- Ауыл тазалығы мен экологиясын жақсарту.
- Балалар ойын және спорт алаңдарын көбейту.
- Инвестиция тартып, жаңа жұмыс орындарын ашу.

Имашев Есболат Әлиұлы

Мен, Имашев Есболат Әлиұлы, 1994 жылы 6 мамырда Жаңаөзен қаласында дүниеге келдім. 2010-2011 жылдары Жаңаөзен мектеп-гимназиясында білім алып, 2011-2015 жылдары Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жоғары білім алдым. 2017-2018 жылдары Астана қаласында ҚР Президент жанындағы мемлекеттік басқару академиясының магистратурасын аяқтадым. 2016 жылдан бастап мемлекеттік қызметте еңбек етіп келемін. 2016-2025 жылдары Жаңаөзен қаласы әкімінің аппараты, Маңғыстау облысы әкімдігі, Кендірлі және Тенге ауылдық әкімдіктерінде түрлі қызметтер атқардым. Ендігі мақсатым - туған ауылымды көркейту, тұрғындардың өмір сапасын арттыру.

Кендірлі ауылын бірге дамытайық!

Кендірлі ауылы әкімінің сайлауында кандидаттың шығыстары жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді.

Кендірлі болашағы - біздің қолымызда!



2026-2029 жылдарға арналған жоспар:

- Ауылшілік негізгі тас жол салу және аралық көшелерге жаяу жүргіншілер жолын салу.
- Дене шынықтыру-сауықтыру көшенің құрылысын аяқтау.
- Балалар ойын алаңы, спорт алаңы (Workoud) және фудбол алаңдарының санын көбейту.
- Ауыл ішіндегі Орталық алаң және Жастар саябағы құрылысын аяқтау.
- Туризм саласын өркендетуге үлес қосу.
- Қоғамдық қауіпсіздікті күшейту үшін бейнебақылау камералары мен жылдамдық өлшегіш құрылғылар орнату.
- Дені сау, өскелең ұрпақ қалыптастыру үшін спорттық ғимараттардың санын көбейту.

Медет Асқарұлы Токтасинов

Мен, Медет Асқарұлы Токтасинов 1993 жылы дүниеге келдім. Отбасылымын, бір қыз және бір ұл бала тәрбиелеп отырмын. Ақтау қаласындағы Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетін «Кадастр» мамандығы бойынша тәмамдадым. Мемлекеттік қызметте және жер саласында 8 жылдық тәжірибем бар. Кендірлі ауылы құрылғаннан бастап ауыл әкімшілігінде қызмет етіп келемін. 2016-2018 геодезист көмекшісі, «Маңғыстау жол-құрылысы материалдары комбинаты» АҚ, 2018-2019 техник-геодезист, «Ақ жол құрылысы» ЖШС, 2019-2021 статистик, «Мұнайлы аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ, 2021-2021 статистик, «Мұнайлы аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ, 2022-2022 Кендірлі ауылы әкімінің аппараты бас маманының м.а., 2022-2023 Кендірлі ауылы әкімінің аппаратының бас маманы, 2023-2025 Кендірлі ауылы әкімінің орынбасары.

Кендірлі ауылын бірге дамытайық!

Кендірлі ауылы әкімінің сайлауында кандидаттың шығыстары жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді.

Кендірлі ауылын дамытуға үлес қосамын



Сайлауалды бағдарлама

- 2025-2026 жылдары ауыл кәсіпкерлеріне қолдау көрсетіп, пайыздық мөлшерлемесі аз деңгейде несие алуға бағыт-бағдар беру. Ауыл аманаты бағдарламасына қатысушыларға жан-жақты көмек көрсету.
- 2028 жылға дейін білім сапасын жақсарту мақсатында мектеп және мектепке дейінгі ұйымдарда туындаған мәселелерді уақытылы шешуге, білім сапасын көтеруге жұмыстану.
- 2026-2028 жж аралығында Кендірлі ауылының асфальттанбаған көшелеріне автокөлік жолын салуға күш саламын.
- Ауылшілік және ауыл аймағындағы тазалық жұмыстарын жақсартамын.
- 2028 жылға дейін ауылдың орталық көшесі саналатын Шеркала көшесіне және Жыңғылды көшелеріне жасыл-желек екпелерін егуге жұмыстанамын.
- Ауылды абаттандыру мақсатында воркауттар, балалар ойын алаңшаларын және ашық спорт алаңдарын салуға, Кендірлі спорт мектебінің қатысушыларына мемлекет тарапынан қолдау көрсетулерді көбейтуге жұмыстанамын.
- Ауыл бюджетінің тапшы екенін түсінемін, инвестициялық қолдау жолдарын тартуға жұмыстанамын.

Мен Сағынбаев Данияр Қалиханұлы 19.07.1991 жылы дүниеге келдім. 1997-2008 жылдары Қ.Күржіманұлы атындағы Сенек орта мектебінде оқыдым. 2008 жылы Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялық және инжиниринг университетінің колледжіне оқуға түсіп 2010 жылы бухгалтерия, есеп және аудит мамандығы бойынша бітірдім. 2010-2013 жылдары С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті есеп және аудит мамандығын сырттай бөлімде оқып жоғарғы білім алдым. 2013-2023 жылдары Рахат ауылы әкімінің аппаратында, 2023-2024 жылдары Тенге ауылы әкімінің орынбасары қызметін атқардым. 2024 жылы тамыз-желтоқсан айларында Жаңаөзен қалалық көпбейінді ауруханасы ШЖҚ МКК мекемесінде көмекші бухгалтер қызметін атқардым. 2024 жылдың 17 желтоқсаннан бастап бүгінгі күнге дейін Рахат ауылы әкімінің орынбасары қызметін атқарудамын. Кендірлі ауылын бірге дамытайық!

Кендірлі ауылы әкімінің сайлауында кандидаттың шығыстары жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді.

БҮКІЛ ӘЛЕМДІК ТАЗАЛЫҚ КҮНІ

Басы 1-бетте.

РАХАТ АУЫЛЫ ДА БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТТЫ

Әлемдік тазалық күніне орай Рахат ауылында да сенбілік өтті. Мұнда да ауыл аумағын санитарлық тазалау, көшелер мен аулаларды тұрмыстық қалдықтардан арылту, көгалдандыру және абаттандыру бағытында ауқымды жұмыстар атқарылды.

Қатысушылар қолғап, қоқыс жинауға арналған қапшықтар және арнайы құралдармен қамтамасыз етілді. Сондай-ақ, қоқыс тасымалдаушы техникалар жұмылдырылып, ауылдың санитарлық жағдайын жақсартуға барынша күш салынды.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ - ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Бұл акцияға ауыл тұрғындары, мемлекеттік және коммуналдық



мекемелердің қызметкерлері, жастар ұйымдары мен еріктілер белсенді қатысып, табиғатты қорғауға деген жанашырлықтарын көрсетті. Шара барысында қоршаған ортаға бейжай қарамау, туған жерді таза ұстау, экологиялық мәдениетті арттыру мәселелеріне ерекше мән берілді.

Жалпы, Әлемдік тазалық күні

аясында өткізілген бұл сенбілік - тек бір күндік іс-шара емес. Ол - әрбір азаматтың өз ортасына деген жауапкершілігін сезінуіне, болашақ ұрпаққа таза әрі жайлы орта қалдыруға бағытталған маңызды қадам.

Гүлмира АЙЫТҚАЛИЕВА.

Денсаулық сақтау мәселесі қаралды

Басы 1-бетте.

Баяндамаларда келесі бағыттар қамтылды: Медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасы, алғашқы медициналық-санитарлық көмектің деңгейі, аурулардың алдын алу және ерте диагностика жасау, ана мен бала денсаулығын қорғау шаралары, медицина қызметкерлерінің

тапшылығы мен оларды оқыту, материалдық-техникалық жабдықталу деңгейі, санитариялық талаптардың сақталуы және эпидемиологиялық жағдай, медициналық колледждің маман даярлау ісіндегі үлесі мен жоспарлары.

Қала әкімі Жансейт Қайнарбаев денсаулық сақтау саласы тұрғындар өмірінің сапасына тікелей

әсер ететін маңызды сала екенін атап өтіп, баяндамаларда көрсетілген деректерге нәтиже отырып, бірқатар сұйекте ескертулер мен тапсырмалар берді. Атап айтқанда: медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру, кадр тапшылығы мәселесін жүйелі шешу.

Сондай-ақ әкім денсаулық сақтау ұйымдары арасындағы өзара үйлесімді жұмыстың маңызын атап өтіп, жауапты тұлғаларға бірлескен әрекетті күшейтуді міндеттеді.

Аппараттық кеңес соңында денсаулық сақтау саласының үйлестірушісі

мен әр мекеме басшысына берілген тапсырмалардың нақты мерзімі белгіленіп, олардың орындалуы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің тікелей бақылауына алынатыны ескертілді.

Жаңаөзен қаласының тұрғындары үшін сапалы және қолжетімді медициналық қызмет көрсету - жергілікті биліктің басты басымдықтарының бірі. Осы бағытта атқарылған жұмыстар мен қабылданған шешімдер қаланың әлеуметтік тұрақтылығына, тұрғындардың өмір сапасына оң әсер етуі тиіс.

Дарина АҚБЕРЕН.

ҮНДЕУ

«Қарттарымызды қамқорлай жүрейік» айлық акциясына қатысуға шақырамыз



Құрметті қазақстандықтар! І қазан - Халықаралық қарттар күні жақындап келеді. Бұл күн біздің аға буынға ризашылығымызды білдіріп, шынайы көңіл бөлуімізге мүмкіндік беріп қана қоймай, олардың қажеттіліктеріне назар аударуға жақсы себеп. Қарияларды қолдау, оларға қамқорлық көрсету аға буынға көрсеткен парызымыздың аз ғана бөлігі. «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің бастамасымен жылдар бойы елімізде қазан айы «Қарттарымызды қамқорлай жүрейік» айлығы акциясына ұласып келеді. Қазақ халқының дәстүрінде үлкенді сыйлап, ақылын тыңдап, алдынан кесе көлденең өтпеген. Елімізде қарт адамдарға деген қамқорлық жыл сайын артуда.

Мемлекетіміз қарт адамдарға деген қамқорлықты экономикалық дағдарыс кезінде де тоқтатқан емес. Дегенмен, елімізде әлі де болса әлеуметтік көмекке мұқтаж егде адамдар бар.

Әлемді жайлаған экономикалық қиындықтар біздің елімізді де айналып өткен жоқ. Бүкіл әлем күрделі әрі маңызды кезеңді бастан өткізуде.

Кейбір қариялар жасы ұлғайған шағында жылулық пен мейрімге зәру. Барлық қазақстандықтарды, жұмыс берушілерді, бизнес құрылым өкілдерін, аға буынның ел игілігіне қосқан еселі еңбегін ұлықтауға, «Қарттарымызды қамқорлай жүрейік» айлық акциясына атсалысуға шақырамыз.

Өз елінің патриоты ретінде акцияға бей-жай қарамайтын азаматтар жергілікті әкімдіктермен, өңірлік ардагерлер кеңестерімен байланысқа шығып үлестеріңізді қосыңыздар.

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Орталық кеңесі.

ТАТУ ОТБАСЫ - ТАҒЫЛЫМДЫ ҰРПАҚ

ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН «ТАТУ ОТБАСЫ - ТАҒЫЛЫМДЫ ҰРПАҚ» АТТЫ TEDX ФОРМАТЫНДАҒЫ РУХАНИ КЕЗДЕСУ БАРЫСЫНДА ЕЛІГЕ ТАНЫМАЛ ТЕОЛОГ, ИМАМ, ОТБАСЫ ТАҚЫРЫБЫНА ЖИІ ПІКІР АЙТЫП ЖҮРГЕН НҰРЛАН БАЙЖІПТҒҰЛЫМЕН АРНАЙЫ СҰХБАТТАСҚАН ЕДІК. СҰХБАТ БАРЫСЫНДА ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ОТБАСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ, АЖЫРАСУДЫҢ КӨБЕЮ СЕБЕПТЕРІ, ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ РӨЛІ МЕН САНАЛЫ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ЖОЛДАРЫ СӨЗ БОЛДЫ.



- Нұрлан Байжігітұлы, қазіргі қоғамда отбасы институты үлкен өзгерістерге ұшырап жатыр. Жалпы, отбасы мүшелерінің - ата, әже, әке мен ананың - рөлі қандай болуы керек?

- Отбасы - дайын сценариймен жүретін кино емес. Оның әрбірінің жағдайы, ортасы, өресі, көрген тәрбиесі бөлек. Сондықтан бір ғана стандартқа салып, «ананың міндеті мынау, әкенікі мынау» деп қатып қалған қағидалармен өмір сүру - шынайылықтан алыс.

Иә, психологтар белгілі бір шеңберлер ұсынады, бірақ өмірде бәрі басқаша. Бір күні анасы әке орнын басуы мүмкін, бір күні әке анасының міндетін атқаруы мүмкін. Сондайда салқынқанды шешім қабылдап, «бұл менің міндетім емес» демей, отбасын сақтау үшін рөлдерді икемдеп ойнау керек. Ең бастысы - әр мүшенің өз орнын білуі және бірін-бірі толықтыруы.

Бүгінде идеал отбасы жоқтың

қасы. Десе де, менің түсінігімдегі идеалға жақын отбасы - әрқайсысы өз орнын білетін отбасы. Ер - ер бола білсін, әйел - әйелдік нәзіктігін жоғалтпасын, бала - бала болсын. Сонда ғана өзара түсіністік пен сыйластық орнайды.

- Сіздің ойыңызша, саналы ұрпақ тәрбиелейтін ата-ана қандай болуы керек?

- Мен ешкімге «осылай бол, былай істе» деп шектеу қоя алмаймын. Өйткені санасыз адамға жүз ақыл айтсаң да түк шықпайды. Ал шын мәнінде саналы ұрпақ тәрбиелейтін ата-ана - еліне, жеріне жаны ашитын, балаға өнеге болатын адам.

Кей ата-аналар баласына ақыл айта тұрып, өздері үлгі бола алмай жатады. Баланың тәртібі - көбінесе отбасындағы атмосфераға, ата-ана арасындағы қарым-қатынасқа, тіл табыса білу мәдениетіне байланысты. Отбасында мейірім мен байсалдылық болмаса, бала сырттан

ОТБАСЫ - сценариймен емес, жүрекпен басқарылатын орта



мінез іздейді. Сондықтан баланы түзегің келсе - өзіңді түзеп ал.

- Қазіргі таңда әлеуметтік желіде бақытты отбасы кейпіндегі өмірді көрсету сәнге айналғандай. Бұл қоғамға қалай әсер етіп жатыр?

-Бұл - мені көп толғандыратын мәселе. Қазір адамдар шынайылықтан алыстап кетті. Ішінде алай-дүлей сезім болып тұрса да, сырттай күліп, «бақыттымын» деп көрсету - сәнге айналды. Бұл - өтірік өмір салты.

Шариғатта бір нәрсенді айтып мақтанба дейді. Мәселен, «балам түскен оқу», «отбасыммен шетелдеміз» деген сияқты жазбалар кейде ұрпақ сүйе алмай жүрген, отбасын сақтай алмай отырған жандардың жанын ауыртады. Осыны ойлау керек. Қоғамда ниет пен пейіл бұзылып барады. Адамдар «менде ғана болса екен» деген көреалмаушылықпен өмір сүреді. Бұл - рухани жұтандықтың көрінісі.

- Жаңаөзенде отбасы құндылығына қатысты нақты статистика бар. Мәселен, 2023 жылы - 1019 неке қиылып, 259 отбасы ажыраса, 2024 жылы 897 неке қиылып, 329 отбасы ажырасқан.

Оның ішінде ортақ балалары бар кәмелетке толмаған отбасылардың ажырасуы ерекше көбейген. Сіздіңше, бұл тенденцияның басты себебі неде?

- Бұл өте ауыр әрі аландататын мәселе. Неке саны азайып, ажырасу көбейіп жатса - бұл қоғамдағы отбасылық институттың әлсіреп жатқанын көрсетеді.

Жаңаөзен - ұлттық дәстүрі сақталған, бірлігі бекем өңір. Осындай жерде ажырасу көрсеткіші өсіп жатса, демек мәселе тереңде. «Жалақы жаксы ғой», «күнкөріс те жаман емес» дейміз. Бірақ басты мәселе - рухани кажу мен өзара сыйластықтың азаюы. Ажырасу көбіне тұрмыстық қысымнан емес, сабыр мен төзімнің жетіспеуінен, отбасы мүшелерінің рөлін түсінбеуден пайда болады. Еркек өз орнын, әйел өз орнын білмей, «теңдік» емес, «тартыс» іздеген жерде ұрыс пен дау көбейеді.

- Жаңаөзендік полиция қызметінің мәліметінше, тұрмыстық зорлық-зомбылық бойынша 102-ге келіп түсетін шақыртулар азаймай отыр. Бұл нені көрсетеді?

- Бұл - қоғамдағы жан айқай. Бұрын әйелдер үнсіз келсе, қазір

құқықтық сауат артты, өз құқығын қорғауға тырысады. Бірақ, біз бір нәрсені ұмытпауымыз керек: зорлық - әлсіздіктің белгісі. Ер адам әйелге дауыс көтерсе, қол көтерсе - бұл оның ерлігі емес, рухани әлсіздігі. Көп жағдайда еркектер психологиялық күйзелісте жүреді. Бұл да себеп. Бірақ, қандай жағдай болмасын, қол көтеру - ақталмайтын әрекет. Бұған отбасынан, мектептен, мешіттен бастап үгіт-насихат жүргізілуі керек.

- Қорытындылай келе, жастарға қандай кеңес берер едіңіз?

- Жастарға айтарым - отбасы құру ойын емес. Бұл - жауапкершілік. Бүгінде махаббатпен емес, мода мен материалдық жағдайға қарап отбасын құратындар көп. Содан кейін алғашқы қиындықтан-ақ айырылысып кетеді.

Отбасы - шыдам, сенім, түсіністік, құрмет арқылы ғана сақталады. Егер осы төрт құндылықты бойға сіңірсек, ажырасу да азаяды, бала да дұрыс өседі. Қандай сатыда болсақта, жанымызға жауапкершілік, жүрегімізге сабыр, тілімізге шындық ұяласын.

Сұхбатты жүргізген: Гүлсім МҰРЫНОВА.

ӘЗІЛІ ЖАРАСҚАН КҮЛКІ - ЖАННЫҢ ШИПАСЫ

ӘЗІЛ-СЫҚАҚ ТЕАТРЫ - КӨРЕРМЕНГЕ КҮЛКІ СЫЙЛАЙ ОТЫРЫП, ҚОҒАМДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ АСТАРЛАП ЖЕТКІЗЕТІН ЕРЕКШЕ ӨНЕР ТҮРІ. БҰЛ ТЕАТРДА ШЫНАЙЫ ӨМІРДІҢ ШЫНДЫҒЫ САТИРА МЕН ЮМОР АРҚЫЛЫ КӨРКЕМДЕЛЕДІ. ӘЗІЛДІҢ АРТЫНДА ҮЛКЕН ОЙ, ТЕРЕҢ МАҒЫНА ЖАТАДЫ. СОНДЫҚТАН ДА САТИРА - ТЕК КҮЛУ ҮШІН ЕМЕС, ОЙЛАНУ ҮШІН ДЕ ҚАЖЕТ.

Қазақстанда әзіл-сықақ жанрының тамыры тереңде жатыр. Ертеден келе жатқан халықтық күлкі мәдениеті - әзілқой жыраулар, шешен билер мен ақындар шығармашылығында айқын көрінді. Кеңес дәуірінде бұл жанр жаңа деңгейге көтерілді. 1969 жылы құрылған «Тамаша» театры сатиралық жанрды жаңа биікке шығарды. Тұңғыш рет кәсіби сахнада қазақша әзіл қойылымдар қойылып, елге кеңінен танымал болды. Одан кейінгі жылдары «Бауыржан-шоу», «Шаншар», «Алдараспан», «Әзіл әлемі» сияқты театрлар мен жобалар халық арасында үлкен сұранысқа ие болды. Әзіл-сықақ театрының негізгі мақсаты - қоғамдағы келеңсіздіктерді әшкерелеу, адамның мінез-құлқы мен қоғамдық құбылыстарды өткір тілмен сынау. Күлкі арқылы адамдарды ойландыру, тәрбиелеу - театрдың басты миссиясы. Сонымен қатар, ол халықтың көңілін көтеріп, рухани дем береді.

Қазіргі таңда әзіл-сықақ театры заман ағымына сай жаңарып келеді. Жастарға бағытталған стендап жанры, әлеуметтік желілерде таралып жатқан қысқа метражды әзіл видеолар да осы жанрдың жаңа түрлері болып табылады. Бірақ, сахнада қойылатын

көркем әзілдің орны әрдайым бөлек. Себебі, театр - тірі өнер, көрерменмен тікелей байланыс орнатады.

Сондай театрдың бірі «Бозжыра» қарашаңырақ Қызылсай ауылында 10 жылдан астам уақыттан бері Қайырбек Қосайбекұлы Нұров жетекшілігімен, жас талантты әртістер - Айбек Наурызбаев, Аксамал Құлбаева, Айсән Жаулыбаева, Назерке Қашаған, Қуаныш Бүркітбаев халыққа күлкі мен көтеріңкі көңіл-күй сыйлап келеді. Қыркүйек айының 17-де театрдың «Ауылдағы айтқыштар» есептік концерті өтіп, өнерсүйер халықтың ризашылығына бөленді. Өздерінің есеп беру концертінде олар - түрлі жанрдағы «Ауылдағы айтқыштар», «Құбылу», «Кешіріңіз, танымай қалдым», «Шаштөнге», «Мәдениет үйі» атты қызықты, мағынасы терең интермедияларды көрсетіп, ауыл және қала көлеміндегі әншілердің тамаша халықтық әндерімен жалғастырды. Кеш қонақтары қатарында, Жаңаөзен қалалық аппаратының басшысы - Мекен Үйенов, Қызылсай ауылы әкімі - Қанат Аманжанов және бірқатар мекеме басшылары қатысты. Театр жас та болса республикалық, облыстық, қалалық сахна төрінен көрініп, марапаттар мен Алғыс хаттарға ие болып келеді.



Театр - жүректі тербеп, жанды жаңғыртатын өнердің киелі мекені. Ол - адамзат рухының айнасы, қоғамның жанды дауысы. Театр сахнасынан естілген әрбір сөз, әрбір кимыл - көрерменге ой салып, сезімін оятады. Сол себепті де, халқымыздың мәдени мұрасы саналатын театр өнері әрдайым биік тұруы тиіс. Қазіргі таңда театрды қолдау, оның дамуына үлес қосу - баршамыздың ортақ міндетіміз.

Жас ұрпақ театр арқылы эстетикалық тәрбие алып, ұлттық рухпен сусындайды. Осы орайда, «Бозжыра» театрының көші тоқтамай, рухани кеңістігімізді байыта беруіне шын жүректен тілектеспіз!

**Ж.АЛИБЕКОВА,
Ұзақбай жырау Қазжанұлы
МКҚК әдіскері.**

2025 ЖЫЛ - ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДАРДЫҢ МӘРТЕБЕСІ - ҚОҒАМНЫҢ келешегі

2025 ЖЫЛ - ҚАЗАҚСТАНДА ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ ДЕП ЖАРИЯ-ЛАНДЫ. БҮЛІ ШЕШІМ - ЕЛДІҢ ӨНДІРІСТІК САЛАСЫНА ТЫҢ СЕРПІН БЕРІП, НАҒЫЗ ЕҢБЕК АДАМДАРЫНЫҢ БЕДЕЛІН КӨТЕРУ ҮШІН ЖАСАЛҒАН МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ. ҚОҒАМДА ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРҒА ДЕГЕН КӨЗҚАРАС ЖЫЛДАН ЖЫЛҒА ӨЗГЕРІП, ЖҰМЫСШЫ МАМАНДАРДЫҢ МӘРТЕБЕСІ АРТЫП КЕЛЕДІ. БІЗ КОЛЛЕДЖ ҚЫЗМЕТКЕРІ ЖӘНЕ ДЕ ЖҰМЫСШЫ МАМАНДАР-МЕН СҰХБАТТАСЫП, ОЛАРДЫҢ ЖҰМЫСШЫ МАМАНДАҚТАРЫ ЖЫЛТЫНА ОРАЙ КӨЗҚАРАСТАРЫН БІЛГЕН БОЛАТЫНЫБЫЗ.



БІЛІМ БЕРУ - БОЛАШАҚҚА ЖОЛ АШУ
Жұмысшы мамандықтарына оқытуда техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының рөлі зор. Осы орайда Жаңаөзен қызмет көрсету және жаңа технологиялар колледжі басшысының оқу ісі жөніндегі орынбасары Нағима Утеповамен әңгемелесіп, қазіргі таңда колледжде қандай жұмысшы мамандықтарын меңгеруге болатындығын және бұл мамандықтарға жастар тарапынан қызығушылық қандай екендігін білдік.



- Колледжде 21 мамандық бо-
йынша лицензия бар. Қазіргі таңда оқытылып жатқан мамандықтарға тоқталып өтсем, электр жабдықтары, токарлық іс, автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы және пайдалану, дәнекерлеу ісі, автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану, тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу, есептеу техникасы және ақпараттық желілер, тамақтандыруды ұйымдастыру. Колледжде мастерлер мен өндірістік оқыту шеберлері қызмет етеді. Яғни студенттер теориядан бөлек тәжірибелік

машықтарды да меңгеруге мүмкіндігі бар. Оңтайлы жағдайда колледжде шеберханалар мен практикалық сабақтар өткізіледі. Соңғы жылдары жастардың жұмысшы мамандықтарына деген қызығушылығы артып келеді. Бұған бірнеше фактор әсер етуде:

- мемлекет тарапынан тегін техникалық және кәсіптік білім алу мүмкіндігі;
- жұмысшы мамандықтарының еңбек нарығында тұрақты сұранысқа ие болуы;
- оқу кезінде тәжірибелік машықтарды меңгеру мүмкіндігі мен оқу бітіргеннен кейін жұмысқа тез орналасу артықшылығы.

Қазіргі таңда еңбек нарығында дәнекерлеуші, электрик, құрылысшы, автослесарь, аспаз, тігінші, шап-тараз-стилист сияқты мамандықтарға сұраныс жоғары. Бұл мамандар өндірісте, қызмет көрсету саласында және шағын кәсіпкерлікте таптырмайтын кадрлар. Колледжде білім беру процесі тек теориямен шектелмей, өндірістік тәжірибеден өтуге басымдық беріледі. Студенттер зауыттарда, кәсіпорындарда және сервистік орталықтарда машықтану арқылы өз саласында тәжірибе жинақтайды. Бұл өз кезегінде оқу бітіргеннен кейін жұмысқа орналасуын жеңілдетеді, - дейді Нағима Утепова.

Жаңаөзен қызмет көрсету және жаңа технологиялар колледжінде қазіргі таңда жұмысшы мамандықтарына 782 студент білім алу-да. Сондай-ақ Нағима Утепованың айтуынша, жұмысшы мамандықтары бойынша білім алған студенттердің еңбек нарығында жұмысқа орналасу мүмкіндіктері өте жоғары. Өйткені өндіріс, құрылыс, қызмет көрсету және ауыл шаруашылығы салаларында білікті жұмысшы кадрларға тұрақты сұраныс бар екен.

ЖҰМЫСШЫ МАМАН - ҚОҒАМ ТІРЕГІ
«Өзенжылу» МКК кәсіпорнында ұзақ жылдар бойы жұмыс жасап келе жатқан слесарь және дәнекерлеуші мамандар өз кәсіптерін мақтан тұтатындығын және кез келген еңбектің бағалы екендігін айтты.

- Мен өз кәсібімді мақтан тұтамын. Қолмен еңбек ету қиын, бірақ адал еңбек. «Өзенжылу»



ісіне жауапкершілікпен қарау. Әрбір жұмысты өз уақытында істеу. Қазіргі таңда алатын жалақымыз да жаман емес. Жұмысшы мамандары ешқашан да жұмыссыз қалмайды. Жастарға айтарым - жұмысшы болудан ұялмаңдар, - дейді слесарь Ерғали Көшеров.

- Мен «Өзенжылу» мекемесінде еңбек етіп жүргеніме биыл 15 жыл

болады. Алғаш еңбек жолымды слесарь болып бастағанмын. Жас едім, бірақ жұмысқа деген ынтам күшті болатын. Бір жылдан кейін дәнекерлеу ісіне қызығушылығым оянып, дәнекерлеуші мамандығын меңгеріп, сол бағытта жұмыс істей бастадым. Содан бері осы істің шебері болуға тырысып келемін. Қазір шағын жылу қазандықтарын, тұрғын үйлердің құбырларын, жалпы, жылумен байланысты түрлі



жұмыстарды атқарамын. Қолыңда құрал, бетіңде маска, от шашып тұрған темірмен жұмыс істеу - оңай емес, бірақ өз ісінді жақсы көрсен, бәрі жеңіл сезіледі. Қыстың қақаған суығында да, жаздың аптабында да жұмыстың қиындығына қарамай, өз ісінді сүйіп істеймін. Жылдан жылыға мекемеміздің жағдайы жақсарып келеді. Құрал-жабдықтар жаңарып, жұмыс істеуге қолайлы орта қалыптасып жатыр. Бұл - еңбек адамын бағалаудың бір белгісі деп білемін. 2025 жылдың Жұмысшы мамандықтар жылы деп жариялануы - біз үшін ерекше қуаныш. Себебі көп жағдайда көзге көріне бермейтін, бірақ ел үшін маңызды тірлікті атқаратын еңбек адамдарын елеп, ескеріп жатқанын сезіну - үлкен шабыт береді. Жастарға айтарым - еңбектен қорықпаңдар. Қандай жұмыс болмасын, егер адал атқарсаң - қадірлі. Қолыңа кілт ұстасаң да, маска киіп дәнекерлесең де, сен елге қажет адамсың. Мамандықтың бәрі - маңызды, - дейді 15 жылдық тәжірибесі бар дәнекерлеуші Нұрлыбек Қайырбаев.

Қай дәуір болмасын, нағыз тірек - еңбек адамы. Олар - қоғамның қозғаушы күші, тынысы. Жұмысшы мамандықтар жылы аясында ел ішінде кәсіптік білімге, нақты еңбекке бет бұрған жастардың саны артуда. Бұл - болашақтың берік негізі. Еңбек - елді көркейтеді!

Айлин АСҚАР.



ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН заманауи оқу шеберханасы ЕСІГІН АШТЫ

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ АЯСЫНДА «БІЛІМ МЕН БИЗНЕСТІҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ: ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНДАҒЫ КӘСІБИ МАМАНДАР ДАЯРЛАУ» АТТЫ ҚАЛАЛЫҚ СЕМИНАР ӨТТІ. СЕМИНАР АЯСЫНДА ЖАҢАӨЗЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР КОЛЛЕДЖІНДЕ ЖАҢА «ЖИҢАЗ ЖӘНЕ ПЛАСТИКАЛЫҚ ӨНІМДЕР» ШЕБЕРХАНАСЫНЫҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.



Іс-шараға қала басшылары, ардагер ұстаздар, өңірдегі өндірістік кәсіпорындар мен колледж ұжымы қатысты.

Жаңа шеберхана студенттердің кәсіби шеберлігін арттыруға, еңбек нарығында сұранысқа ие мамандар даярлауға бағытталған. Заманауи оқу-өндірістік орталық ағаш шебері, жиһаз құрастырушы және пластикалық бұйымдар өндіруші мамандықтарына

І КОЛЛЕДЖДЕ
машықтануға мүмкіндік береді. Семинар барысында қатысушылар колледждің материалдық-техникалық базасы-



мен танысып, білім беру мен бизнестің өзара ықпалдастығы негізінде мамандар даярлаудың жаңа тетіктерін талқылады.

Жанайым ЖАРЫЛҚАП.

■ ӨНДІРІС ЖӘНЕ КӘСІП

«TESTCOM OZEN»: Жергілікті өндіріс - ұлттық экономика тірегі

ЖАҢАӨЗЕНДЕ БАҚЫТЖАН ӘМІР БАСҚАРАТЫН «TESTCOM OZEN» ЖІПС МҰНАЙ КОМПАНИЯЛАРЫНА СЕРВИСТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ. «БАСШЫСЫ ҚАНДАЙ БОЛСА, ЖҰМЫСЫ ДА СОНДАЙ» ДЕГЕН СӨЗ БАР ҒОЙ. БАҚЫТЖАН ТӘЖІКБАЙҰЛЫ СЫНДЫ АЗАМАТТАР ТЕК ҚАЛАМЫЗДЫҢ НЕМЕСЕ ОЫЛЫСЫМЫЗДЫҢ ҒАНА ЕМЕС, ТҮТАС ЕЛІМІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫНА АЙНАЛҒАН. ЖАСТАЙЫНАН ЕҢБЕККЕ АРАЛАСЫП, ШЕТЕЛДЕ - ӘСПРЕСЕ АМЕРИКАЛЫҚ КОМПАНИЯЛАРДА - ЖҰМЫС ІСТЕП, МОЛ ТӘЖІРИБЕ ЖИНАҒАН ОЛ, БҮГІНДЕ СОЛ БІЛІМ МЕН БІЛГІН ЕЛ ИГІЛІГІНЕ ЖАРАТЫП ОТЫР. КӨП ЖЫЛДАР БОЙЫ СЫРТТАН ТАСЫМАЛДАНАТЫН ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫ ЕЛІМІЗДЕ ӨНДІРЕ БАСТАДЫ. ОСЫ АРҚЫЛЫ ОТАНДЫҚ КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУЫП, ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНА СЕРПІН БЕРІП ЖҰР. БІЗ БАҚЫТЖАН ТӘЖІКБАЙҰЛЫМЕН АРНАЙЫ СҰХБАТТАСЫП, ЖҰМЫС БАРЫСЫ, КӘСПОРЫННЫҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ МЕН БОЛАШАҚ ЖОСПАРЛАРЫ ЖАЙЛЫ ӘңГІМЕЛЕСТІК.



- Бақытжан Тәжікбайұлы, өзінің туралы айтып берсеңіз? Кімісіз, қайдан келдіңіз, мекеме қандай өндіріспен айналысады?

- Мен Ақшұқыр ауылында М.Әбді-халыков атындағы қазақ орта мектебінде білім алдым. Орта мектепті бітіргеннен кейін Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетіне оқуға түстім. 2004 жылы Weatherford америкалық компаниясына жұмысқа кірдім. Онда 7 жылдай тәжірибе жинадым. «КПО», «Қашағанда», және «Тенгизшевройл» - деген үлкен жобаларында жұмыс істедім. Онда 3 жылдан кейін өндірістік бригада басшысы болдым. Америкалық және Шотландиялық шетелдіктермен иық тірестіріп еңбек еттім. Сөйтіп жүргенде маған «Неге осы біздің қазақтар да шетелде жұмыс істемейді?!» деген ой келді. Басшылармен сөйлесіп, ұсынысымды айттым. Ең бірінші түйіндемеді Америка, Дубай, Австралия сияқты елдердің түрлі компанияларына жіберіп бастадым. 2011 жылы наурыз айында Дубайдан жұмысқа шақырту келді. Ол жақта мен инженер бола жүріп сызбаларды зерттей бастадым. Менің еңбегімді бағалап, Түркияның Трабзон қаласындағы жобасына атсалыстым. Сол жылы Теңіз Бұрғылау мекемесінде Самсон қаласында орналасқан ExxonMobil жаңа жобаларда жұмыс жасадым. Сол уақытта ExxonMobil-дың проектісінде қазақтың азаматынан тек бір қазақ болдым.

2012 жылы Танзаниядағы «Бритиш Газ»(BG) компаниясының проектісіне, Митуара аралында терең су бұрғылауда жұмыс жасадым. 2013-2014 жылы Бакуде екі жылдай Америкалық (Weatherford) мекемесінде жұмыс істедім. Сөйтіп жүргенде қайтадан Африкадағы Конго елінде орналасқан Frank's International деген мекеме жұмысқа шақырды. Содан соң Конгода африкалықтармен әріптес болдым.

2014 жылы Габон еліне барып Frank's International мекемесінің жаңа филиалын ашылып, жаңа жұмыс орындары пайда болды. Осылайша көптеген елдерде еңбек етіп келдім. Бірақ, менің еңбек

келісім-шартым америкалық Frank's International мекемесімен жасалған еді. Жалақы да сол жақтан түсіп отырды. Америкалықтар жоғары бағалап, елден елге ауыстырып, менің қызметіме жүгінгеніне қарағанда жаман маман болмаған сияқтымын. Американың алып компаниясындағы еңбегімді менеджерлері байқап, Конгодағы жобада мені операциялық менеджер етіп тағайындады.

Оператор және инженер, супервайзер, координатор, операциялық менеджер болып сатылап өстім.

Америкалықтармен бірге істей жүріп, сервистік қызмет көрсету бойынша қанша елдің ақшасы шетелге кеткенін көзіммен көрдім. Сол себепті «Неге өзіміз сол сервис қызмет көрсетуді қолға алмаймыз, америкалықтарға бәсекелес болмаймыз?!» деген ұстаныммен 2020 жылы жеке «TestCom Caspian» деген мекемесін аштық.

- Бастапқы жолда қандай қиындықтар болды?

- Бәрі бірден жүріп кете



қоймады. Қиын жағдайларда болды, дейтұрғанмен бәріненшады. Операциялық менеджер болып жүргенде жүйені бүге-шігесіне дейін үйреніп, сол тәжірибемен 2022 жылы Ақтаудан сервистік қызмет көрсететін жергілікті «TestCom Caspian» мекемесінің жұмысын іс жүзіне асырдық. Бастапқыда жұмысшылар онлайнда істеді.

Содан соң жарнаманы қолға алдық. Қала әкімдігіне аяқтай барып, біз жергілікті мекемеміз деп өзіміз жайында айтып бастадық. Содан кейін әкімдік бізді «Өзенмұнайгаз» компаниясына ұсынып, солай жұмысымыз жүріп бастады.

2022 жылы сәуірде «Өзенмұнайгаз» АҚ делегациясы Ақтаудағы базамызға келіп, жұмысымызбен танысып кетті. Сол кезде алғашқы келіссөздерді бастадық. Мен ол кезде шетелде болдым. Содан соң ақырындап жаңа жұмыс орнын ашып, жаңаөзендік 82 азаматты жұмысқа қабылдадық. Жақсы мамандар алып, жақсы нәтиже көрсете бастадық. 2022 жылы шілдеде «Өзенмұнайгаз» АҚ мен тербелмелі құрылғыны жөндеу бойынша келісім-шартқа қол қойдық. Жұмысшыларға киім ауыстыратын орын және асхана барлық тиісті жағдайды жасауға тырыстық.

2023 жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры болған Нұрдаулет Килыбай және «Қазмұнайгаз» басшыларымен бірге бәріміз жиналыста отырғанда біз Тербелмелі



орналастырдық.

- Бәрекелді. Бірқатар жұмысты атқарған екенсіз. Ал қазіргі жаңа ғимараттың құрылысы қашан басталды?

- Әкімшіліктен берген базаға жұмысшылар сыймаған соң,

сұранысқа қарай отыз күнде 30 тербелмелі құрылғыны шығаруға болады. Егер линияны жоғарылатып, тағы да осындай линия көтеретін болсақ, онда бір күнде екі тербелмелі құрылғыны шығаратын да мүмкіндіктер бар.

өзіміздің базамызға қосалқы база ашу үшін әріптестермен бірлесіп инвестиция құйып жаңа зауыттың құрылысын бастадық. Жаңа ғимараттың құрылысы 2025 жылдың сәуірі айында салынып басталды. Қазіргі таңда біз 700 шаршы метрлік кеңсе, 1400 шаршы метрлік цехты салдық. Келешекте 5000-7000 шаршы метрлік «Темір құятын зауыт» салу жоспарда бар. Әлі де инвестиция тартуымыз керек. Тербелмелі құрылғының бөлшектерін біз шетелден сатып алғаннан қарағанда, неге өзіміз шығармаймыз деген оймен осы жобаны жүргізуді жөн көрдік. Бұл жобамыз жүзеге асып кетсе, ел экономикасына пайда келетініне сеніміміз зор. Кем дегенде 50 адам жұмысқа кіруі мүмкін.

- Қазір мекемеңізде қанша маман бар?

- Қазір «TestCom OZEN»-де 100 адам жұмыс істейді. Барлығы жергілікті мамандар ішінде инженерлер де бар. Он жетісі Қазақстанның түкпір-түкпірінен жиналған. Павлодар, Петропавловск, Астана, Алматыдан шетелде оқып келген жігіттерді жұмысқа тартып жатырмыз. Бұл мамандарды басқа қалалардан шақыртуымыздың себебі, жергілікті мамандарды қастарына қосып оларды жақсы маман қылып үйрету мақсатында. Қаншама мұнайымыз болғанымен, соны игеретін білікті маман аз. Әр қазақ жалғызым деп, біз мамандарды өзіміз дайындап жатырмыз.

- Сіздерде жұмыс кестесі қалай құрылған?

- Біздегі мамандар жеті күн істеп, жеті күн демалады. Жұмысшылар өздеріне қолайлы уақытты таңдап, кесте солай құрылды. Тасымал, тамақ, барлық жағдай қарастырылған.

- Бір тербелмелі құрылғыны шығаруға қанша уақыт кетеді?

- Алғашында 6 ай бойы екі тербелмелі құрылғыны әбден өндірістік тәжірибеден өткізіп алдық. Ал қазір бір күнде біреуін шығаратын деңгейге жеттік. Ал бір айда шамамен 20 тербелмелі құрылғыны шығарамыз. Болашақта

- Ағымдағы жылдағы тапсырысты толық орындауға күштеріңіз жетті ме?

- Иә, осы жылдағы сұранысты яғни 150 дана тербелмелі құрылғыны өндірілді.

- Жоспарды орындап қойғанда жұмысшылар жұмыссыз қалмай ма?

- Жұмыссыз қалмайды. Әрі қарай жұмыссыз, жалақысыз қалмауы үшін бар әрекетімізді жасап келеміз.

- Мекемеңіздің атауы неге «TestCom OZEN»?

- Бұл техникалық атау. Мысалы, металдың құрамын немесе сапасын тексергенде түрлі тесттерден өтеді. Сол себепті «Test» - деген сөзді алдық, ал «OZEN» - Жаңаөзенге байланысты. Тестілеу, сапа, қызмет, өндіріс - барлығы осы атауға сай келеді.

- Жалпы Маңғыстауда сіздер сияқты өзге компания бар ма?

- Иә, 1-2 мекеме бар.

- Мекеменің алдағы жоспарларымен бөліссеңіз.

- Алдағы жоспарымыз - зауытты іске қосу, сонымен қатар жергілікті өнімдерді өзіміз шығару. Осындай үлкен кәсіпті бастағаннан кейін артқа қарай шегінуге жол жоқ. Біздің мақсат бизнесті дамыту ғана емес, Қазақстанның экономикасына үлес қосу, жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтып, артымыздан өсіп келе жатқан жастарға дұрыс жол көрсету.

Сөз соңы: Бақытжан Тәжікбайұлының өмір жолы мен еңбекке деген көзқарасы, ұлтқа деген жанашырлығы - қазіргі жастарға, әсіресе инженерлік саланы тандаған ұрпаққа үлгі боларлық. Шетелде үйренгенін елге сіңіру - нағыз азаматтың ісі. «TestCom OZEN» сынды мекемелердің көбеюі - Қазақстанның өндірістік қуатын арттырып, экономиканың нақты секторына серпін беретіні сөзсіз.

Гүлсім МҰРЫНОВА.



ЕҢБЕГІ ЕЛГЕ ЕЛЕУЛІ

ҚАЗАҚСТАНДА САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САЛА МАМАНДАРЫНЫҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІ 2025 ЖЫЛЫ АЛҒАШ РЕТ ҚЫРКҮЙЕКТІҢ 15-ДЕ БЕКІТІЛІП, АТАП ӨТІЛДІ. КӘСІБИ МЕРЕКЕНІ БЕКІТУ МАҚСАТЫ - СЭС МАМАНДАРЫНЫҢ ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫН ҚОРҒАУДАҒЫ, БИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ САҚТАУДАҒЫ, САНИТАРИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫ БАҚЫЛАУДАҒЫ РӨЛІН МОЙЫНДАУ, ОЛАРДЫҢ ЕҢБЕГІН БАҒАЛАУ. МЕКЕМЕГЕ ҰЗАҚ ЖЫЛДАР БОЙЫ ЕҢБЕГІ СІҢІП, ЖАСТАР ҮШІН ҮЛГІ, ХАЛЫҚ ҮШІН ЖАНАШЫР МАМАНДАРДЫҢ ЕҢБЕГІ ӘРҚАШАН БАҒАЛЫ. ЕҢБЕК ЖОЛЫН МАҚТАНЫШПЕН АЙТА АЛАТЫН МАМАНДАРДЫҢ БІРІ - БАЛДАНАЙ ҚОЖАБЕРГЕНОВА.



Балданай Қожабергенова 1975 жылы 14 сәуірде Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласында дүниеге келген. 1992 жылы №5 орта білім беретін мектепті үздік аяқтап, 1993 жылы Атырау қаласындағы медициналық училищеде фельдшер-гигиенист, эпидемиология мамандығын тәмамдаған. Орта біліммен тоқталмай, білімін жетілдіру мақсатында 2007 жылы

Ақтау қаласындағы Шахмардан Есенов атындағы университетте химия-биология мамандығы бойынша білім алған. 2021 жылы Ресейдегі Сібір мемлекеттік медициналық университетінде денсаулық сақтау мамандығы бойынша магистратураны аяқтаған.

Балданай жұмыс пен отбасыны қатар алып жүрген білікті ханымдардың бірі. Құдай қосқан

жолдасы мен қызы бар. 2014 жылдан бері отбасының алтын діңгегі болып, бүгінгі күні аяулы жар, мейірімді ана атанып отыр. Мемлекеттік қызмет пен отбасын қатар алып жүру - оңай іс емес. Әсіресе 2020 жылы коронавирус індет өршіп тұрған кезде күндіз-түні жұмыста болып, отбасына көңіл бөлуі азайған сәттері де болған. Дегенмен, жанындағы жолдасы түсіністікпен қарап, әрдайым

қолдау білдіріп, оның еңбегіне сыйластық танытқан.

Балданай еңбек жолын 1996 жылы Жаңаөзен қаласындағы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасында маман ретінде бастаған. Қазіргі таңда эпидемиологиялық бақылау және қадағалау бөлімінің басшысы қызметін атқарады. Қала тұрғындарының саулығын сақтау жолында аянбай еңбек етіп, жұқпалы аурулардың алдын алып, вакцинация жасап, түсіндірме жұмыстарын жүргізуде өз ісіне адалдығын көрсетіп келеді. Еңбегінің жемісін көріп, «Денсаулық сақтау саласының үздігі» орденімен, 2021 жылы Президенттің қолынан Құрмет грамотасымен марапатталған.

Еңбек жолына аяқ басқан сәттен көптеген жұқпалы аурулармен бетпебет келген. Солардың бірі вирусты гепатит А ауруы қалада кеңінен тараған. Толығымен вакцинация жұмысы жүргізіліп, қазіргі таңда 14 жасқа дейінгі балаларда бұл ауру түрі кездеспейді. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Ұлттық күнтізбесіне сүйене отырып, жаңадан туған нәрестелерге туберкулез, гепатит және басқа да жұқпалы ауруларға қарсы вакцина салынады. Дәрігердің

айтуынша, қазіргі таңда ата-аналар балаларға салынуы керек вакцинадан түбегейлі бас тартады екен. Алайда сол арқылы көптеген жұқпалы аурулар жұқтырып, имунитеттің әлсіздігі байқалып тіпті өлімге алып келуі де мүмкін. Мамандар уақытылы 4 жас-тан 56 жасқа дейінгі екіпелерін алса, қаламызда жұқпалы аурулар тіркелуі тоқтайды деген сенімде.

Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының мамандары әртүрлі жұқпалы аурулармен тіркелген үйлерге барып түсіндірме жұмыстары және зарарсыздандыру жұмыстарын жасап жүреді. Әрбір аурудың алдын алу олардың басты міндеттері.

- *Қазіргі жастарға айтарым талмай еңбек етіңдер. Адал еңбек етсең, жемісін міндетті түрде көресің. Халыққа қызмет ету - біздің парызымыз. Әрі кәсіби мерекемізге орай барша әріптестерімді құттықтаймын. Жұмыста абыройлы, табысты болыңдар. Халқымыз аман, жұртымыз тыныш болсын*, - дейді эпидемиологиялық бақылау және қадағалау бөлімінің басшысы Балданай Қожабергенова.

Гүлмира АЙЫТҚАЛИЕВА.

ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ - БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ - ЖАУАПКЕРШІЛІГІ МОЛ, ӘРКЕЗ ҚЫРАҒЫЛЫҚ ПЕН ТАБАҢДЫЛЫҚТЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН САЛА. ӘСІРЕСЕ, САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ САЛАСЫНДА ЕҢБЕК ЕТУ - ХАЛЫҚТЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН ҚОРҒАУ ЖОЛЫНДАҒЫ АЙРЫҚША МІНДЕТ. БІЗ БҮГІН ЖАҒАӨЗЕН ҚАЛАЛЫҚ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ СЫМБАТ ДӘУЛЕТҚЫЗЫМЕН СҰХБАТТАСЫП, ОНЫҢ ЕҢБЕК ЖОЛЫ МЕН БҮГІНГІ САЛАДАҒЫ АТҚАРЫЛЫП ЖАТҚАН ЖҰМЫСТАР ЖӨНІНДЕ ӘҢГІМЕЛЕСКЕН ЕДІК.

- **Өзіңіз туралы айтып өтсеңіз.**

- Мен, Сымбат Дәулетқызы 1994 жылғы 22 сәуірде Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Қызылөзен ауылында дүниеге келдім. Білімдімді З.О.Баймырзаев атындағы жалпы білім беретін мектепте алдым. 2011 жылы Ақтөбе қаласындағы Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік медициналық академиясына «Қоғамдық денсаулықты сақтау» мамандығы бойынша грантка түстім және 2016 жылы оқуымды аяқтадым. Отбасым - менің өмірімдегі ең үлкен тірегім. Әкем - әулеттің тірегі, төрт баланың әкесі, немерелерінің атасы. Әкем мемлекеттік қызметте жұмыс істеді. Қазіргі таңда зейнеткерлік демалыста. Анам - ұстаздық қызметтің ардагері. Отбасымызда 4 бала: ағам, апам, інім және мен. Барлығымыз жоғары білім алып, қазіргі таңда білікті мамандармыз.

- **Алғашқы еңбек жолыңыз қай жылы басталды?**

- Еңбек жолымды 2016 жылдың 8 шілдесінен бастап - 2016 жылдың 14 қарашасы аралығында Маңғыстау облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің тіркеушісі қызметінен бастадым. 2016 жылдың 14 желтоқсанынан Ақтау қаласы басқармасының эпидемиологиялық қадағалау және бақылау бөлімінің жетекші мамандығынан бас маманы, одан әрі бөлім басшысы қызметін атқардым. Қазіргі таңда Жаңаөзен қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы қызметін атқарудамын. Жалпы еңбек өтілім - 8 жыл 9 айды құрайды. Еңбек жолымда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің және Маңғыстау облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінен Құрмет грамоталары, Алғыс хаттарымен марапатталдым.

- **Бұл саланы таңдауыңызға не әсер етті?**

- СЭС мамандығын таңдауыма ең алдымен өзімнің осы салаға деген қызығушылығым себеп болды. Мектеп қарығасында биология пәніне деген ықыласым ерекше еді. Сонымен қатар кәсіби бағыт таңдауда ата-анамның қолдауы, бағыт-бағдары үлкен рөл атқарды. Сол себепті өзім үшін дұрыс әрі болашағыма сенімді қадам жасадым деп есептеймін.

- **Осы мекемедегі қызметіңізді қашан бастадыңыз?**

- 2024 жылдың 18 маусымынан бастап Маңғыстау облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің №247 бұйрығымен Жаңаөзен қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы болып тағайындалдым. Қазіргі таңда осы басшылық қызметті атқарып жүрмін.

- **Басшы ретінде қазіргі таңда басты міндетіңіз қандай?**

- Ең басты міндетім - халықтың денсаулығын қорғау. Ол үшін ауыз су, азық-түлік, өндіріс орындары мен қоғамдық нысандардың санитарлық талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету, инфекциялық және жұқпалы аурулардың алдын алу, эпидемиологиялық жағдайды тұрақты бақылауда ұстау қажет. Сонымен бірге салауатты өмір салтын насихаттау мен қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру да - негізгі бағыттарымыздың бірі. Жеке өзім үшін бұл - үлкен жауапкершілік. Өйткені халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтау - ең басты құндылық. Сондықтан біздің жұмысымыз тек қадағалау емес, халыққа сенім ұялату, санитарлық мәдениетті арттыру.

- **Тұрғындардан ең жиі қандай шағымдар түседі?**

- Көбіне қоғамдық тамақтану орындарының санитарлық талаптарға сай еместігіне қатысты шағымдар жиі кездеседі. Сондай-ақ, емдеу-сауықтыру мекемелерінің санитарлық жағдайына, ауыз су сапасына және тұрмыстық қалдықтардың уақытылы шығарылуына байланысты өтініштер бар. Азық-түлік дүкендеріндегі тауар сапасына да тұрғындар тарапынан шағым түсіп жатады.

- **Соңғы бес жылмен салыстырғанда салада қандай жетістіктер бар?**

- Соңғы жылдары санитарлық талаптарды бақылау жүйесінде және зертханалық мүмкіндіктерді кеңейту бағытында айтарлықтай алға жылжу бар. Жаңа технологиялар енгізіліп, эпидемиологиялық жағдайды жедел қадағалау мүмкіндігі артты.

Дегенмен, әлі де шешімін таппаған мәселелер бар. Кейбір кәсіпкерлер гигиеналық нормаларды сақтамауға бейім. Бұл әрине халықтың денсаулығына тікелей әсер етеді. Екінші мәселе - тұрғындардың санитарлық мәдениеті. Бұл бағытта да біз жүйелі жұмыстарды қолға алып келеміз.

- **Өңірдегі эпидемиологиялық ахуал туралы не айтар едіңіз?**

- Өңірде эпидемиологиялық жағдай тұрақты. Жұқпалы аурулардың көрсеткіші үнемі бақылауда. Кейде маусымдық сырқаттар, мысалы, ЖРВИ немесе ішек инфекциялары бойынша өсім байқалады. Бірақ жалпы алғанда көрсеткіштер төмендеу үрдісін көрсетуде. Бұған халық арасында профилактикалық шаралардың көбеюі, санитарлық талаптардың күшеюі, медициналық қызмет сапасының артуы және вакцинацияның қолжетімділігі әсер етті.

- **Тексерістер қалай жүргізіледі?**

- Барлық жоспарлы тексерістер Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүргізіледі. Кәсіпкерге алдын ала хабарлама беріледі. Әрбір нысан қызметінің



сипатына қарай тәуекел деңгейі анықталып, жылдық жоспарға енгізіледі. Жоғары тәуекелді нысандар жиі тексерілсе, тәуекелі төмен объектілер сирек қамтылады.

Сонымен қатар, тұрғындардан шағым түскен жағдайда немесе эпидемиологиялық жағдайға байланысты жоспардан тыс тексерістер де өткізіледі. Тексеру барысында нысандардың санитарлық талаптарға сәйкестігі ғана емес, өнімнен, судан, ауадан сынамалар алынып, зертханалық сараптама жасалады.

- **Басқарып отырған мекемеде қандай мамандар еңбек етеді?**

- Біздің басқармада эпидемиологтар, санитарлық дәрігерлер, қоғамдық денсаулық сақтау және санитарлық-гигиеналық бағыттағы мамандар, биотехнологтар қызмет етеді. Әкімшілік және ұйымдастырушылық бағыттағы жұмысты заңгерлер атқарады. Барлығымыздың ортақ мақсатымыз - өңір тұрғындарының денсаулығын қорғау.

- **Жас маман ретінде мекеме басшысы болу сіз үшін қиындық тудырмады ма?**

- Әрине, жас маман үшін мекемені басқару оңай емес. Бірақ мен әрқашан білімді толықтыруға, тәжірибемді арттыруға ұмтылдым. Жауапкершілікті бірінші орынға қойдым. Ұжыммен өзара түсіністік пен сыйластыққа негізделген қарым-қатынас орнатуға тырыстым. Әр қызметкердің пікірін тыңдап, тәжірибесін ескеріп отырамын. Сол кезде ортақ мақсатқа жету әлдеқайда жеңіл болады. Бұл сала - халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігі үшін аса маңызды. Сондықтан еңбекқорлық пен адалдықты серік еткен мамандардың ғана үлкен жетістіктерге жететініне сенемін.

- **Сұхбатыңызға рақмет! Жұмысыңызға сәттілік тілеймін!**

Халық саулығын қорғау жолындағы еңбектің жауапкершілігі мен маңызы өлшеусіз. Жаңаөзен қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы өз сөзінде атап өткендей, бұл салада тек бақылау жүргізу ғана емес, халыққа сенім ұялату, санитарлық мәдениетті қалыптастыру - басты міндет. Жас та болса, басшы ретінде кәсіби білімі мен тәжірибесін ұштастыра білген маманның өңірі өңірдің санитарлық тұрақтылығы мен тұрғындардың денсаулығына бағытталатыны сөзсіз.

Гүлмира ҚАЙРОЛЛАҚЫЗЫ.

Тұмаудан сақтанайық!

ТҰМАУ - ТЫНЫС АЛУ ЖОЛДАРЫН ЗАҚЫМДАЙТЫН, ВИРУС АРҚЫЛЫ КӨПТЕГЕН ЖҰҚПАЛЫ АУРУ. БҮЛІ ДЕРТ МАУСЫМДЫҚ СИПАТҚА ИЕ ЖӘНЕ КӨБІНЕСЕ КҮЗ-ЖЫС МЕЗГІЛДЕРІНДЕ ҚИЙ КЕЗДЕСЕДІ. ЖЕҢІЛ РЕСПИРАТОРЛЫҚ БЕЛГІЛЕРДЕН БАСТАЛАТЫН ТҰМАУ, ДЕР КЕЗІНДЕ ЕМ ҚАБЫЛДАНБАСА, АУЫР АСҚЫНУЛАРҒА АЛЫП КЕЛУІ МҰМКІН.

Тұмаудың белгілері:

- Дене қызуының 38-40°С-қа дейін көтерілуі.
- Бас ауруы, бұлшық еттің сырқырауы.
- Тамартың қышуы, жөтел, мұрынның бітелуі.
- Әлсіздік, тез шаршау.
- Балаларда қосымша құсу немесе іш өту байқалуы мүмкін.

Жұғу жолдары:

- Ауа-тамшы арқылы (жөтелу, түшкіру кезінде).
- Тікелей байланыс арқылы (қол алысу, ортақ заттарды қолдану).

Алдын алу:

- Тұмауға қарсы вакцина салдыру - ең тиімді тәсіл.
- Қолды жиі сабындап жуу.
- Маска тағу, науқас адаммен араласпау.
- Имунитетті нығайту: дұрыс тамақтану, дәрумендер қабылдау, дене шынықтырумен айналысу

Кімдерге тұмауға қарсы вакцина ұсынылады?

1. Медицина қызметкерлері - тәуекел тобының алдыңғы қатарында
2. Балалар - мектепке дейінгі және мектеп жасындағы
3. Педагогтар мен тәрбиешілер - балалармен тығыз байланыста болады
4. Созылмалы аурулары бар адамдар - жүрек, тыныс алу, диабет, т.б.
5. Жүкті әйелдер - тұмау ана мен бала денсаулығына қауіпті
6. Қарт адамдар (60 жастан жоғары) - имунитеттің әлсіреуіне байланысты

Ескеріңіз:

Тұмаудың алғашқы белгілері байқалса, өз бетіңізше емделмей, дәрігерге жүгініңіз. Жеке бастың тазалығын сақтау және маусымдық вакцинация - тұмаудың таралуына жол бермейді.

Денсаулығыңыз - өз қолыңызда! Уақытылы алдын алу арқылы өзіңізді де, жақындарыңызды да қорғай аласыз.

Шаттық БИТИМБАЕВА
№2 Жаңаөзен қалалық емхананың эпидемиолог дәрігері.

Тұрғын үйдегі электр қондырғыларын пайдаланудағы өрт қауіпсіздігі

БҮГІНГІ ТАҢДА ӘРБІР ҮЙДЕ ТҰРМЫСТЫҚ ТЕХНИКАНЫҢ, ЭЛЕКТР ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ САНЫ ЖЫЛДАН-ЖЫЛҒА АРТЫП КЕЛЕДІ. ТОҢАЗЫТҚЫШ, КІР ЖУҒЫШ МАШИНА, ТЕЛЕДИДАР, КОМПЬЮТЕР МЕН БАСҚА ДА ҚҰРАЛДАР - БАРЛЫҒЫ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ҚАЖЕТ ЕТЕДІ. ДЕГЕНМЕН, ОЛАРДЫҢ ДҰРЫС ПАЙДАЛАНЫЛМАУЫ ҮЛКЕН ҚАУІПKE, ӘСІРЕСЕ ӨРТ ОҚИҒАЛАРЫНА ӘКЕЛІП СОҒУЫ МҮМКІН.

Өрт қауіпсіздігі ережелері:

1. Электр сымдарын тексеру - ескі, тозығы жеткен немесе оқшаулағышы бүлінген сымдарды қолдануға болмайды.
2. Розеткаға жүктеме түсірмеу - бір розеткаға бірнеше қуатты құралды қоса бермеу керек.
3. Электр құралдарын қараусыз қалдырмау - үтік, электр плитасы, жылытқыш секілді құрылғыларды қосулы күйде қалдыру өрттің негізгі себептерінің бірі.
4. Қорғаныс құралдарын пайдалану - автоматты ажыратқыштар мен сақтандырғыштар электр желісіндегі қысқа тұйықталудың алдын алады.
5. Ылғал ортада абай болу - су мен электрдің

қауіпті байланысын естен шығармаған жөн.

Жиі кездесетін қателіктер:

- Ұзартқыштарды шамадан тыс қолдану;
- Қуатты жылытқыштарды басқа тұрмыстық техникамен бірге қосу;
- Балалардың электр құралдарына бақылаусыз жақындауына жол беру.

Қорытынды:

Әрбір азамат электр қондырғыларын пайдалануда қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтаса, өрттің алдын алып, өз өмірі мен жақындарының амандығын қамтамасыз етеді. Өрттің алдын алу - өрт сөндіруден әлдеқайда жеңіл.

Қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау керек

ҚОЛДАН ЖАСАЛҒАН ЖЫЛЫТУ ПЕШТЕРІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ЕЖЕЛДЕН ҚЫС МЕЗГІЛІНДЕ ҮЙЛЕРІН ЖЫЛЫТУ ҮШІН ӘРТҮРЛІ ПЕШ ТҮРЛЕРІН ҚОЛДАНҒАН. БҮГІНДЕ ЗАМАНАУИ ЖЫЛЫТУ ҚҰРАЛДАРЫ КЕҢІНЕН ТАРАҒАНЫМЕН, АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕ НЕМЕСЕ ШАРУАШЫЛЫҚ МАҚСАТТАРДА ҚОЛДАН ЖАСАЛҒАН ЖЫЛЫТУ ПЕШТЕРІ ӘЛІ ДЕ ҚОЛДАНЫЛАДЫ.

1. Өрт шығу қаупі - дұрыс жасалмаған пештен ұшқын шығып, үйге немесе қораға өрт түсуі мүмкін.
2. Улы газбен улану - түтін шығатын мұржа сапасыз болса, бөлмеге көмірқышқыл газы тарайды. Бұл адам денсаулығына аса қауіпті.
3. Төзімділігі төмен - қолдан жасалған пештер тез тозып, жарылып кетуі мүмкін.
4. Санитарлық талаптарға сәйкес келмеуі - бөлме ішінде түтіннің иісі қалып, ауаны ластайды.

Қауіпсіздік шаралары

Пештің мұржасын үнемі тазалап отыру.

Пешті жанғыш материалдардан алыс орналастыру.

Пешті ұзақ уақыт қараусыз қалдырмау. Балаларды пешке жақындатпау.

Арнайы өрт сөндіргіш немесе құм шелегін қасында ұстау.

Қолдан жасалған жылыту пештері - белгілі бір жағдайда ыңғайлы әрі арзан шешім. Дегенмен, оның қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау қажет. Өйткені әрбір немқұрайдылық - адам өмірі мен мүлкіне төнетін қатер. Сондықтан пеш жасағанда да, қолданғанда да өрт қауіпсіздігі ережелерін басты назарда ұстау керек.

Б.БИСЕНБАЕВ,
ТЖБ инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

СОТ ҮКІМІН ОРЫНДАУ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ ПАЙДАСЫНА ТӘРКІЛЕУ

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ «ЖАҢАӨЗЕН АУДАНАРАЛЫҚ АУМАҚТЫҚ МӘЖБҮРЛЕП ОРЫНДАТУ БӨЛІМІ» ФИЛИАЛЫ ЖӘНЕ ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАРЫАЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ІСТЕР БОЙЫНША СОТ ШЕШІМДЕРІНІҢ, ҰЙҒАРЫМДАРДЫҢ, ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ІСТЕР БОЙЫНША НҰСҚАМАЛАР МЕН ҚАУЛЫЛАРДЫҢ, МҮЛІКТІК ӨНДІРІП АЛУ БӨЛІГІНДЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША ҮКІМДЕР МЕН ҚАУЛЫЛАРДЫҢ, СОНДАЙ-АҚ ӨЗГЕ ДЕ ОРГАНДАР ҚАУЛЫЛАРЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ БЕРІЛЕТІН АТҚАРУШЫЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДЫ МӘЖБҮРЛЕП ОРЫНДАТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ШАРАЛАРДЫ МІНДЕТТІ ЖӘНЕ УАҚТЫЛЫ ҚОЛДАНУ АТҚАРУШЫЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДІҢ МІНДЕТТЕРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

Атқарушылық құжаттың орындалуының бірі, ол «Сот үкімін орындау және мемлекет пайдасына тәркілеу».

Сот орындаушысының атқарушылық құжаттарды орындауда, борышкерлердің мүлкітік жағдайы туралы ақпаратты электрондық форматта алу және олар бойынша қамтамасыз ету шараларын қабылдау бойынша мүмкіндіктерін кеңейту үшін мүдделі мемлекеттік органдармен интеграциялау жүргізілді.

Өндіріп алушы мен борышкер АІЖО ААЖ жүйесіндегі тараптардың кабинеті арқылы өздеріне қатысты барлық атқарушылық іс жүргізулерді және олар бойынша қабылданған шараларды көре алады.

Сондай-ақ борышкерге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде және Қазақстан Республикасының қалалары мен облыстарының қоғамдық орындарында қасалық қызметтер мен терминалдар арқылы өз бөрішегіне ақы төлеуді жүргізуге мүмкіндік беру мақсатында тиісті функционал әзірленді, пайдалануға енгізілді.

Сондай-ақ, IOS және Android (смартфондар) базасында мобильдік қосымшалардың көмегімен онлайн төлем функционалы іске асырылды.

Бұл сервисті халық он қабылдап және табысты пайдалануда, өйткені берешекті төлегеннен кейін

жүйеде автоматты түрде қамтамасыз ету шараларының күшін жою туралы сот орындаушысының қаулысы қалыптасады және барлық шектеулер, оның ішінде шығуға тыйым салу автоматты түрде алынып тасталады, және борышкерге сот орындаушысына барудың және төлем туралы растайтын құжаттарды ұсынудың қажеті жоқ.

Тиісінше, сыбайлас жемқорлық құрамы төмендейді және атқарушылық құжаттарды орындау жеделдігі артады.

2025 жылдың 8 айында Маңғыстау облысы әділет департаментінің «Жаңаөзен ауданаралық аумақтық мәжбүрлеп орындату» филиал бөлімінде құжат орындауда 1091 640 477 тенге құрайтын 183 құжат болған, оның ішінде 848 132 029 тенге құрайтын 151 құжат аяқталды, осы аяқталған құжаттар ішінде мемлекет пайдасына 32 759 128 тенге өндірілді.

Маңғыстау облысы әділет департаментінің «Жаңаөзен ауданаралық аумақтық мәжбүрлеп орындату» филиалы мемлекеттік қызмет көрсетулерді жақсарту, атқару өндірісін қозғау туралы және сапалы орындау мәселелері бойынша ағымдағы жылдың 8 айында 47 жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік қызмет көрсетті.

Жеке сот орындаушыларының сот актілерін орындамай жүрген борышкерлерге қатысты әкімшілік құқық бұзушылық хаттаманы

толтыру туралы 50 брышкерге қатысты ұсыныс келтірілді.

Маңғыстау облысы әділет департаментінің «Жаңаөзен ауданаралық аумақтық сот актілерін орындау жөніндегі бөлімі» филиалымен 50 борышкерлерге қатысты хаттама толтырылып, Жаңаөзен қалалық сотына қарау үшін жолданды. Жолданған әкімшілік істер бойынша 50 борышкер жауапкершілікке тартылып, оның ішінде 18 борышкер қамауға алынып, 33 борышкерге айыппұл жазасын берген.

Маңғыстау облысы Әділет департаментінің «Жаңаөзен ауданаралық аумақтық сот актілерін орындау жөніндегі бөлімі» филиалы және Жаңаөзен қаласы бойынша жеке сот орындаушылары сот актілерін орындау мақсатында Заңға сәйкес борышкер сот шешімін орындамаған жағдайда Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы Заңының 669 бабымен, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 430 бабымен және алимент төлемеген жағдайда Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 139 бабымен қылмыстық жауапкершілік көзделгенін түсіндіреді.

Сағира ЕСЕТОВА,
«Жаңаөзен ауданаралық аумақтық мәжбүрлеп орындату» филиал басшысы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Маңғыстау Пауэр Б.В.» төмендегі жобалар бойынша қоғамдық тыңдауларды өткізетіні туралы хабарлайды: 1) «Маңғыстаудағы Гибридті электр станциясы. 120 МВт газ поршенді электр станциясының құрылысы. 4А-кезегі. ГПҚ паркі» жобасы; 2) «Маңғыстаудағы Гибридті электр станциясы. 120 МВт Газ поршенді электр станциясының құрылысы. 4D-кезегі. Тартылған газ құбырлары» жобасы.

Тыңдаулар 2025 жылғы 31 қазанда сағат 10:00-де өтеді.
Өткізілетін орны: Маңғыстау облысы, Жаңаөзен к., Кендірлі а., Шеркала к-сі, Кендірлі ауылының мәдениет үйі.

Бейнеконференцияға сілтеме:
<https://us02web.zoom.us/j/6225879592?pwd=Ty9ZOEVZWNg2YUVweE9oTERHZ3FCQT09&omn=83041183339>

Конференция сәйкестендіргіші: 622 587 9592 Қосылу коды :7WDQtF
Көзделген қызметтің бастамашысы: «Маңғыстау Пауэр Б.В.» филиалы, БСН: 240741018666, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен к., 2 өнеркәсіптік аймақ, 76-ғимарат, тел: 8 7172 792800, mpvb@eni.kz

Жобаны әзірлеуші: «Промстройпроект» ЖШС, Костанай к., Қайырбеков к., 73, БСН: 041040002273, тел: 87142533301, info@pspr.kz

Жергілікті атқарушы орган: «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, s.bazarbay@mangystau.gov.kz, тел.: 8 7292 43-10-88

Жоба құжаттамасы <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында орналастырылған.
Әсер ету учаскесінің / аумағының координаттары: 43°21'21.9157» N; 52°47'36.9160» E/ 43°21'12,0» N; 52°50'08,0» E

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Филиал «Мангистау Пауэр Б.В.» сообщает о проведении общественных слушаний по следующим проектам: 1) «Гибридная Электростанция в Мангистау. Строительство Газопоршневой электростанции 120 МВт. Очередь 4А. Парк ГПУ»; 2) «Гибридная Электростанция в Мангистау. Строительство Газопоршневой электростанции 120 МВт. Очередь 4D. Подводящие трубопроводы газа»

Слушания состоятся: 31 октября 2025 года в 10-00 часов.
Место проведения: Мангистауская область, г.Жанаозен, с.Кендирили, ул.Шеркала, 80/2, дом культуры с. Кендирили

Ссылка на видеоконференцсвязь:
<https://us02web.zoom.us/j/6225879592?pwd=Ty9ZOEVZWNg2YUVweE9oTERHZ3FCQT09&omn=83041183339> Идентификатор конференции: 622 587 9592 Код доступа: 7WDQtF

Инициатор намечаемой деятельности: Филиал «Мангистау Пауэр Б.В.», БИН: 240741018666, Мангистауская область, г.Жанаозен, Промышленная зона 2, строение № 76 тел: 8 7172 792800, mpvb@eni.kz

Разработчик проекта: ТОО «Промстройпроект» г. Костанай, ул. Каирбекова 73, БИН: 041040002273, тел: 87142533301, info@pspr.kz

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области», s.bazarbay@mangystau.gov.kz, тел. 8 7292 43-10-88.

Документация по проекту размещена на сайте <https://ndbecology.gov.kz/>
Координаты участка/ территории воздействия 43°21'21.9157» N; 52°47'36.9160» E/43°21'12,0» N; 52°50'08,0» E

МҰРАГЕРЛЕРІНЕ ІЗДЕУ САЛАМЫЗ

Жаңаөзен қаласының жеке нотариусы А.Ж.Туркпенбаева лицензия № 12000817 05.03.2012 жылы берілген, **15.06.2025 жылы қайтыс болған азамат БАКТЫГАЛИЕВ КАЛДЫБАЙ ЖОЛДАСБАЕВИЧТЫҢ (08.07.1980 жылы туылған)** атына мұралық іс ашылуына байланысты мұрагерлеріне іздеу салуда. Мұрагерлерге Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, «Шандырақ» ш/а, 27 үй, 70 кеңсеге хабарласуын сұрайды. 8775 518 74 57.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 237 «Жаңаөзен қаласының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы - <https://www.gov.kz/memleket/entities/akimat-goroda-zhanaozen/documents/details/899244?lang=kk>

БҰЛ БОС ОРЫН СІЗДІҢ ЖАРНАМАҢЫЗҒА АРНАЛҒАН.

Телефон: 20-48-42.

ЖАНДЫ ТЕБІРЕНТКЕН ҚОЙЫЛЫМ

ТЕҢГЕ АУЫЛЫНЫҢ АТАМҰРА МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ
«МАМА» ДРАМАЛЫҚ ҚОЙЫЛЫМЫ ӨТТІ.

Қойылым Тәжікстан Республикасының драматург, режиссері Барзу

өткізетін сәттерін шынайы әрі әсерлі жеткізеді. Әрбір үнсіз түн, әрбір бос орындық ананың іштей егіліп отырған

сол күйі үнсіз. Қойылымның әр көрінісі ананың асыл бейнесін қайта тірілтіп, көрермен жүрегіне ананың көзіндегі жылулық, дауысындағы мейірім бұл өмірдегі ең үлкен қазына, уақыт озбай тұрып, сол қазынаны бағалау әр перзенттің парызы деген ой салады.

Қозыкөрпеш Омаров ойнап шықты.
- Бұл пьесаны жазуға 1 жарым

ойынша, анасы әрқашан қасында, бәрін түсінетін, бәрін кешіретін мәңгілік пана іспетті. Ал шын мәнінде ана жүрегі күн өткен сайын үнсіз сыздайды, көңіліне салмақ түсірген сағыныш пен жалғыздық жанын жесідей жесіді. Екі адам өнер көрсеткен бұл қойылымда



Абдуразаковтың «Здравствуй мама это я» деген пьесасының желісімен туындаған.

Қойылым көрерменге ананың әр күнін сағынышпен, үмітпен, тосумен

бейнесін көз алдына әкеледі. Ал бала тым алыс. Жанында емес, жадында да сирек. Телефон шалған сайын ана үміттене құлақ түріп, есік қақса, баласы шығар деп жалтақтайды. Бірақ бәрі



Бұл қойылымда екі актер өнер көрсетті. Мама ролінде қаламызға белгілі қазақ дәстүрін дәріптеуші Гүлмира Жолаева, ұлының ролінде



ай уақыт кетті. Әрбір сахнаны бір-бірімен ұштастыру үшін, ұйқысыз өткен түндер соңында өз нәтижесін беріп, халықтың ықыласына бөленген ерекше қойылым болды. Бұл қойылым уақыттың тәлкегіне ұшыраған аналық мейірім мен есейген баланың жүрекке салмақ салған бейқамдығы жайлы сыр. Бала өскен сайын өмірдің қарбаласы мен күйбең тіршілігіне сүңгіп, анаға деген ықылас пен назар біртіндеп алыстай береді. Оның

ең бастысы пьесаның әр сөзін ұмытып қалмай сол қалпында көрерменге жеткізу болды және соны жасай алғанымыз еңбектің ақталғаны деп білемін, - дейді Қозыкөрпеш Омаров.

Өмірді қыскартатын да, қайғыға батыратын да ол күту. Ал күтудегі ең қорқыныштысы нені күтіп отырғаныңды нақты білмеу.

Гүлмира АЙЫТҚАЛИЕВА.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ

ҚАЗМҰНАЙГАЗ КОМАНДАСЫ - «SK ӘЗІЛ FEST» ЖЕҢІМПАЗЫ

АСТАНАДА «ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ» АЯСЫНДА «SK ӘЗІЛ FEST» ФЕСТИВАЛІНІҢ ФИНАЛЫ ӨТТІ.



Әзіл долада «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының атынан Өзенмұнайгаз қызметкерлері өткір әзілмен, сахналық шеберлікпен және командалық рухпен

тамаша өнер көрсетті.

Финалда жерлестеріміз «Қазатомная сборная» (Қазатомөнеркәсіп), «Байланыста» (Қазақтелеком), «Самұрық Юнайтед» (Эйелдер

құрамасы), «МегаВатт» (KEGOC) командаларымен жарысты.

Қызу тартыстың нәтижесінде ҚМГ командасы 1-ші орынды жеңіп алды. Олардың сахналық шеберлігі мен тапқырлығы фестивальдің нағыз көркіне айналып, қазылар алқасы мен көрермендердің жоғары бағасына ие болды.

Іс-шарадан жиналған барлық қаражат ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдауға бағытталатын болады.

ҚТА форматында өткен бұл фестиваль «Самұрық-Қазына» компаниялары тобының қызметкерлері үшін екінші жыл қатарынан ұйымдастырылып отыр.

Дарина АҚБЕРЕН.

Әлем чемпионатында КҮМІС ЖҮЛДЕГЕР АТАНДЫ

16-17 ҚЫРКҮЙЕК КҮНДЕРІ
АҚТАУ ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН
«ҚОЯН-ҚОЛТЫҚ ҰРЫС» СПОРТЫНАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫНЫҢ СПОРТШЫСЫ БАЛҒАБАЙ ҚЫДЫРӘЛІ КҮМІС ЖҮЛДЕГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ.



Балғабайдың жеңіске жетуіне жетекші жаттықтырушылары Абдыров Ералы мен Сұлтанбаев Арман үлкен үлес қосты.

Балғабай Қыдырәліні және бапкерлерін халықаралық аренадағы бұл жетістігімен шын жүректен құттықтаймыз!

Шам ШЫРАҚ.

Жас спортшы бір-қатар жекпе-жек түрлерінен спорт шеберіне үміткер: кудо, MMA, панкратион және грепплинг бағытында жетістіктерге жетіп келеді.

Оның бұл жеңісі - табандылық пен үздіксіз еңбектің нәтижесі.



Меншік иесі:
MANGYSTAY MEDIA
Директор:
Әнуарбек БИМАҒАНБЕТ.
Қабылдау бөлімі тел/факс:
20-48-34.
office@mangmedia.kz

ЖАҢАӨЗЕН
Газет ҚР Мәдениет және ақпарат Министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 6 ақпан 2013 жылы тіркеліп, №13359-Г куәлігі берілген.

Редактор: Гүлназ БӨЛЕКБАЕВА.
Кезекші редактор: Айжан НАСЫРОВА.

Аға дизайнер: Гүлсім ЕРБӨЛЕКОВА.
Тілшілер: Жансая КЕЛДІБАЙҚЫЗЫ.
Айжан НАСЫРОВА.
Дизайнер: Шолпан БАТЫРХАНОВА.

А - жариялау ақысы төленген.

Таралымы: 1355 дана.



Газет редакцияда теріліп, беттелді.
«Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды
060005, Атырау қаласы,
Ж.Молдағалиев көшесі, 29А.
тел: 8 7122 458-660; 586-392.

Тапсырыс нөмірі: 1126.

Газет аптасына 1 рет жұма күні шығады.

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.
- Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.
- Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады.